

## ЖШС "ЕЛАМАН" балабақшасы



Бекітемін

ЖШС "ЕЛАМАН" балабақшасының

меңгерушісі **УСЕНОВА Г.Ю.**

### **2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері.**

#### **Мақсаттары:**

**Физикалық қасиеттерді дамыту:** денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту.

**Коммуникативтілік дағдыларды дамыту:** балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту.

**Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту:** баланың қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасаудағы қажетті танымдық іс-әрекеттерді, ұлттық зияткерлік ойындар арқылы математикалық және логикалық ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.

**Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту:** қоршаған ортаны бейнелі қабылдауда қиялдауды, ойлауды дамыту, шығармашылық қабілеттерді, эстетикалық талғамды ұлттық бағытта қалыптастыру.

**Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту:** балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, мен қоғам дәстүрлеріне баулу

#### **Міндеттері:**

- ✓ Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру.

- ✓ Отандық дамытушы құралдарымен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.
- ✓ Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Санау салыстыра ойлау қабылеттерін Интеллектум және робототехника, бестемше ойындары арқылы дамыту
- ✓ балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.
- ✓ қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік және мінез-құлық нормаларын менгертіп, «Ұлттық мәдениет» жайлы түсініктерін кеңейту
- ✓